

Пайдаланушы нұсқаулығына қосымша Sougar қуат беру блогы ВХМ700 / ВХМ850

Құрылғының қолданылуы

Жүйелік блоктың қуат блогы ДК барлық компоненттерін желілік кернеуді түрлендіру жолымен электр энергиясымен қоректендіруге арналған. Қуат беру блогының тұрақтылығын және жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін, қателерге жол бермеу, сондай-ақ өнімнің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін келесі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау (орнату) тәсілі пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған.
- Құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі аралықта және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында орындалуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік заңнамаға сәйкес кейінірек қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтап қалуға көмектесесіз және тиісінше қарамаған жағдайда орын алуы мүмкін қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорынан алуға болады.
- Аспаптың ақаулығы анықталған кезде дереу авторластырылған сервис орталығына хабарласу немесе аспапты кәдеге жарату керек.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. ықпал етуінен сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	Тұрақты ток кірісі	Тұрақты ток шығысы					Максималды жүктеме
		+3,3 В	+5 В	+12 В	-12 В	+5VSB	
CGR BM-750	100–240 В (AC)	24 А	22 А	58,3 А	0,3 А	3 А	700 Вт
	50/60 Гц 12–6 А	140 Вт		700 Вт	3,6 Вт	15 Вт	
CGR BM-850	100–240 В (AC)	25 А	25 А	70,8 А	0,3 А	3 А	850 Вт
	50/60 Гц 14–7 А	150 Вт		850 Вт	3,6 Вт	15 Вт	

Коннекторлар	Негізгі қуат беру ағытпасы	ОП қуат беру ағытпасы	Перифериялық ағытпа	SATA ағытпасы	PCI-E ағытпасы
Кабель	24 түйіспелі	4+4 түйіспелі	4 түйіспелі	5 түйіспелі	6+2 түйіспелі
CGR BM-750	1	2	3	8	4
CGR BM-850	1	2	3	8	6

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Компьюкейс Энтерпрайз Ко., Лтд.

№ 225, 54 тар жол, Ань Хо тас жолы, секц. 2, Тайнань қ., Тайвань.

Өндіріс филиалы: Лойалти Фаундер Энтерпрайз Ко., (Ди.Джи.) Лтд. Филиал в Хуэйчжоу.

2-4 F, № 1, 4-ші Хэчан шығыс тас жолы, Чжункай жоғары технологиялар аймағы, Хуэйчжоу, Гуандун пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Өндірілген күні өнімнің сериялық нөмірінде көрсетілген.

Толық жазылуы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген.

Кепілдік мерзімі қаптамада көрсетілген.

V.2





**Қуат беру блогын
COUGAR® BMX
Пайдаланушы
нұсқаулығы**

Кіріспе

Құрметті сатып алушы! Сізге COUGAR® сауда таңбасының қуат беру блогын (ҚБ) таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Бұйымды Сіздің дербес компьютеріңіздің (ДК) корпусына орнатпас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз.

Қауіпсіздік шаралары

COUGAR® сауда маркасының ҚБ электрмагниттік сәулелену деңгейі (EMI) 15 dB аспайтын металл компьютерлік корпустарға ғана орнатылуы мүмкін жиынтықтаушы бұйымдар болып табылады. Олар тек үйде немесе кеңседе пайдалануға арналған.

ДК корпусына ҚБ орнату үшін тек жиынтыққа кіретін бұрандаларды пайдаланыңыз.

ҚБ №1 қорғаныс класына ие. Жерге тұйықтау түйіспесі тікелей ҚБ металл корпусына жалғанған. ДК Корпусы мен ҚБ арасындағы түйіспенің сенімді екеніне көз жеткізіңіз.

Ешқашан ҚБ өзіңіз ашпаңыз. ҚБ ішінде кернеу жоғары болғандықтан, өмір мен денсаулыққа нақты қауіп бар. ҚБ-да өшірілгеннен кейін де ұзақ уақытқа сақталатын қалдық кернеу бар. ҚБ ішкі тексеру және жөндеу жұмыстарын тек авторизацияланған сервис орталығының маманы ғана орындай алады. Егер ол рұқсатсыз ашылған болса, өндіруші ҚБ-ға кепілдік қызмет көрсету бойынша міндеттемелерін өзінен алып тастайды.

Өзіңіздің ҚБ құрылғыңызды электр желісіне ұзақ уақыт бойы қосуды күйінде қараусыз қалдырмаңыз, ҚБ ажыратқышын «О» күйіне ауыстырыңыз немесе ашаны розеткадан суырыңыз.

ҚБ-ны оған судың кіруінен сақтаңыз және оны жоғары ылғалдылық жағдайларында пайдаланбаңыз.

ҚБ кернеуі 100-240V/50-60 Гц электр желілерінде жұмыс істеуге есептелген.

ҚБ қалыпты жұмыс істеуі үшін Жүйеңіздің жақсы желдетілуін қамтамасыз ету қажет.

ДК корпусына ҚБ орнату кезінде желдету тесіктерінің жабылмауын және пайдалану кезінде шаңмен бітелмеуін қадағалау қажет. ҚБ тазаламас бұрын, статикалық электр қуатымен зарядталмағаныңызға көз жеткізіңіз, содан кейін қуат кабелін ажыратыңыз. ҚБ-ны тек құрғақ шүберекті немесе шаңсорғышты пайдаланып тазалаңыз, бірақ ешқашан суды немесе химиялық реагенттерді пайдаланбаңыз.

ҚБ мен жүйелік блокты жылу көздерінен алыс ұстаңыз.
4 pin Molex -> 6 pin PCI-Express адаптерлерін пайдаланбаңыз.

Жеткізу жиынтығы

ҚБ жиынтығына келесі компоненттер кіреді:

- COUGAR® ҚБ
- бекіткіш бұрандалар;
- қуат беру кабелі 220V;
- ҚБ қысқаша сипаттамасы;
- 2 кабель ұстағыш

COUGAR® сауда таңбасының қб дк корпусына орнату

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ДК корпусына ҚБ орнатуды бастамас бұрын, ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ бөлімін мұқият оқып шығыңыз

- Өзіңіздің ДК корпусының тиісті бөлігіне ҚБ орналастырыңыз және жиынтықтағы бұрандалармен бекітіңіз;
- алдымен аналық тақшаның қуат кабельдерін (20/24 pin,
- 4 немесе 8 pin — Тақшаңыздың түріне байланысты) тақшадағы тиісті ағытпаларға жалғаңыз;
- Компьютеріңіздің барлық құрылғыларын, соның ішінде графикалық карталарды ҚБ-ға жалғаңыз;

- жүйелік блогыңызды жауып, ҚБ ажыратқышы «0» күйінде екеніне көз жеткізіңіз»;
- жиынтыққа кіретін қуат кабелін пайдаланып, ҚБ-ны электр желісіне қосыңыз;
- ҚБ-ны, одан кейін компьютеріңізді қосыңыз.

Жұмыс істеу және сақтау шарттары

- рұқсат етілген жұмыс температурасы: +10°C — +40°C
- рұқсат етілген сақтау температурасы: -40°C — +70°C
- жұмыс істеу кезіндегі рұқсат етілген салыстырмалы ылғалдылық (конденсаттың түзілуінсіз): 20%-85%
- сақтау кезіндегі рұқсат етілген салыстырмалы ылғалдылық (конденсаттың түзілуінсіз): 5%-95%

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күйік иісі пайда болған, ҚБ-ға сұйықтық тиген немесе қуат сымы зақымданған жағдайда, ҚБ-ны дереу электр желісінен ажыратыңыз және проблеманы жойғанға дейін оны қосуға әрекет жасамаңыз.

Егер ДК корпусына жаңа ҚБ орнатқаннан кейін компьютерлік жүйе іске қосылмаса:

- қуат кабелінің розеткамен/үштікпен және ҚБ-мен қосылымының сенімділігін тексеріңіз, сондай-ақ олардың жарамдылығына көз жеткізіңіз;
- барлық кабельдердің Сіздің жүйеңіздің құрылғыларына дұрыс жалғанғанын тексеріңіз;
- аналық тақшаның қуат беру кабельдерінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз;
- жүйеңіздің компоненттерін қысқа тұйықталудың бар-жоғына тексеріңіз.

Егер Сіздің ҚБ жоғарыда аталған барлық себептерді тексеріп, жойғаннан кейін де жұмыс істемесе, COUGAR® сауда белгісінің ҚБ пайдаланушыларын қолдау орталығына жүгініңіз.

ҚБ құрамында кәдеге жаратылуы тиіс элементтер бар.

Бұл белгіше кейбір материалдарды қайта пайдалануға болатынын білдіреді. Тозған БҚ-ны кәдімгі қоқыс контейнеріне тастамаңыз. ҚБ-ны арнайы кәдеге жарату пунктіне апаруыңызды өтінеміз.

Cougar сауда таңбасының халықаралық сервис орталығы туралы ақпарат:

Compucase Enterprise Co.,Ltd.

No. 225, Lane 54, An Ho Road Sec. 2 Tainan,

Taiwan, R.O.C

+886-6-356-0606

www.cougargaming.com

Пайдаланушыларды қолдау орталығы e-mail:

service@cougargaming.com

Авторлық құқықтарды қорғау

COUGAR — COMPUCASE компаниясына тиесілі тіркелген сауда таңбасы.

Басқа өнімдер мен тауарлар, сондай-ақ осы нұсқаулықта аталған компаниялардың атаулары олардың құқық иелерінің меншігі болып табылады. COMPUCASE алдын ала ескертусіз осы нұсқаулыққа және техникалық сипаттамаларға өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнім шығарылған күн

өнім шығарылған жылы мен айы өнімнің сериялық нөмірінде көрсетілген (шығарылған күнін анықтаудың 2 әдісі бар, екеуі де төменде сипатталған)

S/N-нен кейін: алғашқы екі сан бір жылды, кейінгі екі сан — шығарылған айды білдіреді.

Мысалы, S/N: H1702000001 тауар 2017 жылғы ақпан айында шығарылғанын білдіреді.

S/N-нен кейін: егер әріптер көрсетілсе, онда екі әріп төмендегі кестедегі сандарды және жылды білдіреді, келесі екі сан — шығарылған айды білдіреді.

Мысалы, S/N: DAG02REV1000001 тауар 2017 жылғы ақпан айында шығарылғанын білдіреді.

A	B	C	D	E	F	G	H	I	J
1	2	3	4	5	6	7	8	9	0

Мысал, AG = 17 = 2017 жыл